

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

«25» 04.2023ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. С. Алимбекова, АҚ мүшелері п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, П.Қ.Искакова, п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, PhD аға оқытушы А.Б.Тасова, аға оқытушылар С.У.Паштанов, Ж.Қ.Дүйсенова, магистр оқытушы Д.С.Жаркинбаева. АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Әбенова атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры: Т.М.Мендібаева, АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі: 8D011-Педагогика және психология БББ докторанты А.Лауланбеков, 7M011-Педагогика және психология БББ магистранты С.Қасымбай, 6B011-Педагогика және психология БББ студенті Ғ.Бегалиева.

Қатыспағандар: -

**Күн тәртібі:**

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АҚ төрағасы С.Алимбекова:** Саламатсыздар ма, құрметті педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет мәжілісінің мүшелері, сәуір айындағы мәжілістің күн тәртібіндегі қарастырылатын мәселелерге келетін болсақ: бірінші мәселе, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау; екінші мәселе ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау; үшінші мәселе ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау; төртінші мәселе сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. Күн тәртібіне қатысты ұсыныстарыңыз бар ма?

Күн тәртібі бекітілсін. Бүгінгі мәжілісте осы аталған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырып, өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз кезегін АҚ мүшесі, кафедра меңгерушісі п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова алды:** күн тәртібіндегі ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері бойынша тоқталсам білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АҚ) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді. ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады: 1) ББ әзірлеуге дайындық; 2) ББ жобалау; 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу; 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау. ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады. Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АҚ жетекшілігімен: 1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит). 2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а)

өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары. 3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

**АК төрайымы – С.Алимбекова:** күн тәртібіндегі үшінші мәселе ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау бойынша ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқу құралдары мен оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс арнайы прайс беттер арқылы орталық кітапханаға ұсыныстар беру арқылы дайындалады.

**АК мүшесі – Ж.Садуова:** Құрметті АК мүшелері сәуір айында атқарылған іс шаралар: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау және ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселелері және ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау мәселесі бойынша талдаулар жүргізіліп, талқыланды.

**Шешім:** Сәуір айындағы Академиялық комитеттің күн тәртібіндегі қарастырылған мәселелердің нәтижесі қанағаттандырылсын.

**АК төрайымы:**



**С.Алимбекова**

**Хатшысы:**



**С.Паштанов**